


ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-июнь 2023 г.



97,3

МЛРД ТГ



124%

ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$44,2

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 91,7%

ОТП 8,3%

\$1 736,4

МЛН



РЫНОК


\$1 591,6

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 ж. қаңтар-маусымдағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-маусымда 97,3 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен **33,3% жоғары**. Осу жеңіл өнеркәсіптің барлық кіші салаларында байқалады. Текстиль бұйымдары өндірісінде (+46,2%), киім өндірісінде (+18,3%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+17,6%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2022 жылғы қаңтар-маусымда 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда **124%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде (**141,6%**), киім өндірісінде (**102%**) байқалады, алайда, былғары және оған жататын өнім өндірісінде төмендеу (**92,3%**) байқалады.

Текстиль өнімі өндірісінде (+41,6%): төмендегі тауарлар бойынша ең жоғары өсу болды:

иірімжіп және тігін жіптері, мақта *4,5 есе*,

төсек орын жабдығы *3,6 есе*,

түкті маталар және басқа да арнайы маталар *3,2 есе*,

тоқылмаған материалдар және киімнен басқа тоқылмаған материалдардың бұйымдар *2,7 есе* және т.б.

Киім өндірісінде (+2%): ең жоғары өсу осы сектордың төмендегі тауардарында байқалады:

әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа, блузкалар, жейделер мен батниктер *3,6 есе*,

ерлер немесе ұл балаларға арналған трикотаждан басқа майкалар және ішкі киімдер, жатарда киетін іш көйлектер, пижамалар, халаттар және осыған ұқсас бұйымдар *2,2 есе*,

түнгі көйлектер, пижамалар, халаттар және ұқсас бұйымдар

әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа жакеттер мен блейзерлер, пиджактар, пиджак сияқты курткалар *74,3%*,

әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа костюмдер мен жиынтықтар *60,3%* және т.б.

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (-7,7%): төмендегі тауарларда максималды төмендеу орын алды:

түксіз тұтас ірі қара малдың терісінен жасалған былғары *61,6%*,

басқа топтарға қосылмаған арнайы және басқа аяқ киім *36,9%*,

басқа топтарға қосылмаған ағаштан жасалған, әр түрлі арнайы аяқ киім *35%*,

32,8% қорғаныш металл қалпақшасы бар аяқ киімді қоспағанда, табаны мен үстіңгі жағы резеңкеден немесе полимерден жасалған су өткізбейтін аяқ киім *16%*.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі экспортының көлемі **2023 жылғы қаңтар-мамырда 44,2 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **39,4% жоғары**.

Экспорттық жеткізулердің өсуі былғары және оған жататын тауарларда 2,3 есе, киімде 2 есе байқалады.

Текстиль өнімі тауарларында экспорт жеткізулер 0,5% қысқарды. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Беларусь.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **импорт көлемі 2023 жылғы қаңтар-мамырда 1 591,6** млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 жылғы **осы кезеңмен салыстырғанда 2,1** есе жоғары. Тауарлар импорты тұтынушылық белсенділіктің және кейінге қалдырылған сұраныстың қалпына келу нәтижесінде өсуде.

Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық секторларында байқалады: текстиль бұйымдары (+64,6%), киім (+2,4 есе), былғары және оған жататын өнім (+96,9%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-мамырда ҚР **жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі 1 736,4** млн АҚШ долл. құрады (785,7 млрд теңге), онда ОТӨ үлесі 8,3%, импорт өнім үлесі – 91,7%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Түркістан облысы, Шымкент қ., Алматы қ. және Ақмола облысы. Түркістан облысында жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінің 19,5% құрайды. Шымкент қ. – 17,4%, Алматы қ. – 8% және Ақмола облысында – 6,4%.